

Саналы ұрпақ клубының 2020–2021 оқу жылы бойынша ЕСЕБІ

«Саналы ұрпақ» клубы 2020-2021 оқу жылына бекітілген жоспар бойынша жұмыс істеді. 2020 жылдың қыркүйек-қазан айларында 1 курс студенттері арасында «Саналы ұрпақ» клубының мақсаты мен міндеттері туралы zoom платформасы арқылы анықтамалар мен түсіндірме сабақтар жүргізілді. Клуб құрамы жаңадан келген студенттер қатарымен толықтырыды.

17.11.2020 ж. колледжіміздің «Саналы ұрпақ» клубының 1-ші курс студенттері «Ертіс адалдық алаңы» жобалық офисінің жетекшісі Ризабек Исабековпен **Адалдық сағатын** өткізді. Оның барысында жобалық офистің жұмыс мақсаттары мен жетістіктерімен танысты.

Сонымен қатар, «Саналы ұрпақ» тобының мүшелері арасында «Қоғамдық тәртіп» тақырыбында **Online Дебат** ойыны өткізілді. Дебат ойыны тартысты да қызықты өтті.

Дебат-тәртіп пен тәрбие. Бұл ойында пікір таластыра, сөз жарыстыра отырып тәртіп сақтайсыз. Дебатқа қадам басқан күннен бастап сөйлеу әдебіңіз сыпайылыққа «сізге» ауысады.

Желтоқсан айында «**Адалдық – жастардың көзімен**» тақырыбында клуб мүшелері мен колледж студенттері **vine, tik-tok** түсіріп колледж инстаграм парақшасында өз өнерлерімен таныстырды.

Сонымен қатар клуб мүшелеріне республикалық және облыстық музейлерде виртуалды экскурсиялар жүргізілді. Жаңадан келген студенттер өңіріміздің тарихы мен ерекшеліктерімен танысты.

Және, «Саналы ұрпақ» клубының мүшелері колледж ішінде желтоқсан айында өткен «**Тарих апталығына**» белсенді қатысып, еліміздің тарихына немқұрайлы қарамайтындықтарын дәлелдеді.

«Таза сессия» бағдарламасы біздің клубымыздың оқу жылында 2 рет (желтоқсан, маусым) айларында тұрақты өткізетін іс-шаралар қатарына жатады. Ол студенттердің құқықтық санасын және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Осы бағдарлама аясында клубымыздың мүшелері Ертіс адалдық алаңы тапсырысымен видео-роликтер түсіріп жариялап, колледж және жатахана қабырғаларында сенім жәшіктерін орнатқан болатын.

Сонымен қатар **«Адал болайық»** атты бүкіл колледждік сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары топ кураторларымен **«Саналы ұрпақ»** клубының мүшелерінің қатысуымен өткізіліп, есептері колледжіміздің әлеуметтік желілерінде жарияланды.

2020-2021 оқу жылы бойынша клуб мүшелері колледж ішінде өткізілетін барлық тәрбиелік іс-шаралар мен мерекелерге белсенді ат салысады. (*Білім күні, Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, Наурыз мейрамы, және тағы басқалары*).

«Саналы ұрпақ» клубының соңғы жиналысында жыл қорытындылары мен клуб белсенділерін марапаттау жүргізіліп, келесі оқу-жылына жоспарланған іс-шаралар тізімін нақтылап ұсыныстар мен толықтырулар еңгізілді.

САНАЛЫ ҰРПАҚ БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ!

Клуб жетекшісі

Шакиров Н.